

ГЕОГРАФИЯ
ГЕОГРАФИЯ
GEOGRAPHYDOI 10.51885/1561-4212_2021_1_17
MPHTI 39.01.**А.С. Ақтымбаева¹, Б.Ж. Амиржанов²**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

¹E-mail: alia_79-30@mail.ru²E-mail: bektas.amirzhanov@mail.ru ***МӨТП «СЫРДАРИЯ-ТҮРКІСТАН» ЭКОТУРИСТІК МАРШРУТТАРЫН ДАМУ
РАЗВИТИЯ ЭКОТУРИСТСКИХ МАРШРУТОВ ГРПП «СЫРДАРИЯ-ТУРКЕСТАН»
DEVELOPMENT ECOTOURISM ROUTES OF THE SNRP «SYRDARYA-TURKESTAN»**

Аңдатпа. Жасалынған зерттеу нәтижелерінің әдістері бойынша ҚР ЕҚТА-на туристік қызметін бағалаудың үлгісі дайындалды. Туристік маршруттарға рекреациялық жүктемені анықтаудың бірнеше әдісі жасалды. Мемлекетіміздегі басқа да МӨТП-ге туристік зерттеулер жүргізу үшін шаблондық ақпарат көздері ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде туристік маршруттарға рекреациялық жүктемені бағалау жұмыстары ұсынылады. Болашақта басқа да табиғи парктердің зерттеу жұмыстарында әдіснамалық үлгі ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл өз ретінде ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда экологиялық проблемаларды шешуге арналған бір жолы болып табылады.

Түйін сөздер: Мемлекеттік өңірлік табиғи парк «Сырдария-Түркістан», туристік маршрут, рекреациялық жүктеме, туристік-рекреациялық қызмет.

Аннотация. По результатам проведенного исследования разработана модель оценки туристской деятельности ООПТ РК. Разработано несколько способов определения рекреационной нагрузки на туристские маршруты. Другим ГРПП в нашем государстве были предложены шаблонные источники информации для проведения туристских исследований. В результате исследования предлагается работа по оценке рекреационной нагрузки на туристские маршруты. Позволяет в дальнейшем использовать в качестве методологической модели в исследовательских работах других природных парков. Это, в свою очередь, является эффективным средством решения экологических проблем в особо охраняемых природных зонах.

Ключевые слова: Государственный региональный природный парк «Сырдарья-Туркестан», туристские маршруты, рекреационная нагрузка, туристско-рекреационная деятельность.

Abstract. Abstract. Based on the results of the study, a model for assessing the tourist activity of protected areas of the Republic of Kazakhstan was developed. Several methods of determining the recreational load on tourist routes have been developed. Other GRPP in our country were offered template sources of information for conducting tourist research. As a result of the study, a work is proposed to assess the recreational load on tourist routes. It allows further use as a methodological model in the research work of other natural parks. This, in turn, is an effective means of solving environmental problems in specially protected natural areas.

Key words: State Regional Natural Park «Syrdarya-Turkestan», tourist route, recreational load, tourist and recreational activities.

Кіріспе. «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі бүгінгі таңда еліміздегі жас және туристік әлеуеті өте жоғары ерекше қорғалатын табиғи аймақ болып табылады. Парктің әлеуеті жоғары болғандығымен, қазіргі кезде әлі толық зерттелмеген табиғатты қорғау мекемесі болып саналады. Өңірлік табиғи парктің басты мақсаты – Сырдария, Арыс өзендерінің жайылмалары мен Боралдай тау жотасының ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени, және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуандылығын сақтауды, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалану болып табылады. Туризмді дамыту парктің қосалқы мақсаты, сол себепті туристік қызметін дұрыс айқындап, туристік маршруттарға әсер ететін рекреациялық жүктемеге баға беріліп, туристік ағынды нормалау жұмыстарын жүргізу қажет. Парктегі туристік ғылыми зерттеулер осы уақытқа дейін қолға алынбаған тың жұмыс болып табылады. Зерттеу нәтижесінде туристік маршруттарға рекреациялық жүктемені бағалау жұмыстары ұсынылады. Болашақта басқа да табиғи парктердің зерттеу жұмыстарында әдіснамалық үлгі ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл өз ретінде ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда экологиялық мәселелерді шешудің тиімді құралы болып табылады.

Материалдар және зерттеу әдістері. «Сырдария-Түркістан» МӨТП қорғау және пайдалану үшін құнды объектілері бар жерлерде құрылған (оның ішінде туризмді дамыту үшін). Табиғи парктің табиғи ортасының барлық негізгі элементтері (рельеф, топырақ-өсімдік жамылғысы, климат, гидрология, флора мен фауна), сондай-ақ тарихи көрікті жерлер, жоғары пейзаждық-эстетикалық және танымдық қасиеттерімен сипатталған аймақтардан құралды. Осыған байланысты Сырдария-Түркістан табиғи парк аумағы өте жоғары табиғи-рекреациялық әлеуетке ие.

МӨТП «Сырдария-Түркістан» МКМ-нің құрылуынан бастап жасалған қаулылар мен бұйрықтар:

1. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 20 наурыздағы №247 «ОҚО орман қоры жерінің санатына ЕҚТА санатына жекелеген жер учаскелерін ауыстыру туралы» қаулысы.

2. ОҚО әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 251 «Сырдария-Түркістан табиғи паркін ЕҚТА жерлері санатына жатқызу туралы» қаулысы.

3. ОҚО әкімдігінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі №82 «Сырдария-Түркістан табиғи паркі КММ-нің күзет аймағында табиғатты пайдаланудың мөлшерлерін, шекараларын, режим түрлері мен тәртібін белгілеу туралы» қаулысы.

4. Аңшылық және орман шаруашылығы комитетінің 2015 жылғы 5 тамыздағы № 197 «Сырдария-Түркістан МӨТП паспортын тіркеу туралы» бұйрығы [2].

«Мемлекеттік өңірлік табиғи парктің күзет аймағын белгілеу туралы» ЕҚТА туралы заңының 18-бабына сәйкес, жалпы ауданы 267659,7 га күзет аймағы орнатылды. Оңтүстік Қазақстан облысының шегінде – 263092,5 га, Жамбыл облысының шегінде – 4567,2 га. Сырдария-Түркістан МӨТП аумағы әкімшілік тұрғыдан қазіргі Түркістан облысының бірнеше ауданында орналасқан. Олар Шымкент және Түркістан қалалары, Отырар, Арыс, Бәйдібек және Сарыағаш аудандары.

Саябақтың ауданы:

1. Негізгі аумақ (ЕҚТА-ға қарамағындағы) – 138051,35 га.

2. Қорғау аймағы (ЕҚТА-ға кірмейтін) – 253876,6 га.

Өңірлік табиғи парктің аумағы бірнеше кластерлік учаскелерден тұратын 3 филиалдан

тұрады:

1. Түркістан филиалы (23833 га). Мемлекеттік табиғи парктің Түркістан учаскесін ұйымдастыру үшін ұсынылатын аумақ оңтүстік-батыс және Оңтүстік Қазақстанның шөл аймағының Сырдария маңы учаскесіне жататын Сырдария өзені жайылмасының учаскелерін қамтиды.

Учаскенің ұзындығы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 75 км, ең үлкен ені 9 км көптеген кластерлік учаскелерден тұрады. Солтүстігінде Қызылорда облысымен шектесіп, оңтүстігінде Сырдария өзені арқылы өтетін Көксарай көпіріне дейін жалғасады. Түркістан және Отырар ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің жерінен жасақталған. Түркістан филиалдары тоғай және басқа да жайылма интразоналды экожүйелермен сипатталған. Тоғайлы ағаш екпелерінің құрамында негізгі түрлері тұран, тал болып табылады. Фаунаның ең қызықты өкілдері елік, қабан, жақында енгізілген тоғай бұғысы, су маңындағы құстар мен басқа да жануарлар кездеседі. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті орындайтын жабайы тұяқты жануарлар популяциясын қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама құрылды. Осы бағдарлама барысында 1998 Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF) қолдауымен, бұхара бұғысы популяциясын қалпына келтіру жөніндегі қайта репродукциялық жұмыстар сәтті жүргізіле бастады. Соңғы жабайы тоғай бұхар бұғысы 1962 жылы қарастырылып отырған аймақта жоғалып кетті. Алғашқы он бұғы 2009 жылдың мамыр айында қоршаудан табиғатқа шығарылды және Сырдария өзенінің алқабындағы бұғы популяциясы ерекше қорғау жұмыстары әлі күнге дейін жүргізіліп отыр, сонымен қатар оны туристік мақсатта пайдалану қазіргі жоғары әлеуетке ие. Түркістан филиалының алғашқы жалпы ауданы 36305,668 га құраған.

2. Сырдария филиалы (47417,75 га) Сырдария өзенінің оң және сол жағалауында, сондай-ақ Арыс өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Көптеген кластерлік учаскелерден тұрады. Солтүстік шекара Сырдария өзені арқылы өтетін Көксарай көпірінен басталады, оңтүстік шекара Шардара ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі жерлерінің шекарасы арқылы өтеді. Сырдария өзенінің бойындағы аумақтың ұзындығы 140 км, Арыс өзенінің бойында – 60 км.

3. Боралдай филиалы (36255 га) Боралдай тау жотасының солтүстік шетінде орналасқан. Екі кластерлік учаскеден тұрады. Боралдай орман саяжайлары мен Боралдай ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі. Филиалдың барлық жағынан қолайлы табиғи жағдайлары және бай флорасы мен фаунасы бар. Сүтқоректілердің ең қызықты өкілі – Қаратау арқары. Қ Парктің өсімдік әлемі зерттеу барысында алынған мәліметтер бойынша 955 түрі бар екені анықталды. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктердің 40-тан астам түрлері бар [3].

Парктің фаунасында құстар мен жануарлардың 382 түрі бар, олардың ішінде 109 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген

«ЕҚТА туралы» ҚР Заңына сәйкес парк аумағында әртүрлі күзет режимі бар функционалдық аймақтар бөлінген. Функционалдық аймақтарға бөлу парктің барлық қызметін жоспарлау мен жүргізудің негізі болып табылады. Филиалдар бойынша бөліну, 1-кестеде ұсынылған [4].

Бөлінген аймақтар өңірлік табиғи парктің әртүрлі учаскелеріндегі табиғатты қорғау және шаруашылық іс-әрекеттерін қатаң регламенттейтін аумақтық құрылымның негізгі бірліктері болып табылады. Күзет аймағы-жобада 267659,7 га алаңда күзет аймағын жүргізу ұсынылды, күзет аймағы «ЕҚТА туралы» ҚР заңына сәйкес парк шекарасының

периметрі бойынша кемінде 2 км қашықтықта белгіленеді, күзет аймағына жобаланатын жерлер ЕҚТА жері санатына жатпайды және табиғат пайдаланушылардан алынбайды. Кейбір жерлерде оның конфигурациясын оңтайландыру мақсатында ол аздап ұлғайтылады. Жалпы алғанда, барлық учаскелердің ұсынылатын қорғау аймағының ауданы 267659,7 га құрайды [1].

1-кесте. «Сырдария-Түркістан» МӨТП аумағын функционалдық аймақтар бойынша бөлу

| Табиғи парктің жалпы ауданы, га | Функционалдық аймақтар | | | |
|---------------------------------|------------------------|---------------------------------|-------------------------------------|-----------------------------------|
| | Қорғау аймағы | Экологиялық тұрақтандыру аймағы | Туристік-рекреациялық қызмет аймағы | Шектеулі шаруашылық қызмет аймағы |
| <i>Түркістан филиалы</i> | | | | |
| 23822,498 | 23822,498 | 23822,498 | 23822,498 | 23822,498 |
| <i>Сырдария филиалы</i> | | | | |
| 59900,92 | 59900,92 | 59900,92 | 59900,92 | 59900,92 |
| <i>Боралдай филиал</i> | | | | |
| 36255 | 36255 | 36255 | 36255 | 36255 |
| Жалпы филиалдар бойынша | | | | |
| 119978,418 | 119978,418 | 119978,418 | 119978,418 | 119978,418 |
| Қорғау аймағының жалпы ауданы | 267659,7 га | | | |

Аймақтарға бөлу 119978,418 га алаңда орналасқан мемлекеттік өңірлік табиғи парктің жерлерін қамтиды, парктің аумағында оларды қорғау мен пайдаланудың сараланған режимі белгіленген функционалдық аймақтарға бөлінген:

1. Қорықтық аймақ – 8922,2 га (7,4 %), қорықтық қорғау режимі – табиғи парктің экожүйелері түрлерінің және орман түрлерінің алуан түрлілігін ескере отырып, байырғы өсімдіктері бар, сирек кездесетін және эндемикалық флора мен фаунаның түрлері мекендейтін және олардың жоғары шоғырланған табиғи табиғаттың неғұрлым сақталған және бірегей учаскелерін қамтиды.

2. Экологиялық тұрақтандыру аймағы 15819,84 (13,2 %), қорықтық қорғау режимі – тұрақты, әдеттегі шаруашылық қызметімен өзгермеген немесе әлсіз бұзылған экожүйелер мен табиғи объектілерді, оның ішінде флора мен фаунаның сирек кездесетін және эндемикалық түрлерінің мекендеу орындарын қамтиды.

3. Туристік және рекреациялық қызмет аймағы – 6927,5 га (5,8 %), тапсырысты қорғау режимі – демалыс және рекреация орындарына орайластырылған. Сондай-ақ жоспарланған туристік соқпақтар мен маршруттарды, автожолдар трассаларын, өзен жағалауларын, бірегей және неғұрлым тартымды көрсету объектілерін, орналастыру орындарын қамтиды.

4. Шектеулі шаруашылық қызмет аймағы – 88308,878 га (73,6 %) – кордондар орналасқан орындарды, басқа да жер пайдаланушылармен және елді мекендермен шектесетін учаскелерді, парк аумағының әртүрлі дәрежедегі өзгертілген учаскелерін, жайылымдық және шабындық алқаптарды қамтиды [9].

Экологиялық туризм көбінесе аумақты өнеркәсіптік дамытуға балама ретінде қарастырылады. Істі сауатты ұйымдастыра отырып, жергілікті тұрғындар қоршаған ортаға күшті әсер ететін басқа қызмет түрлерін ұйымдастырмай жеткілікті кіріс алады. Процеске қатысушылардың пайдасын әртүрлі тұрғыдан қарастыруға болады:

1) жергілікті тұрғындар үшін – бұл аумақтың табиғи және мәдени құндылықтарына зиян келтіретін басқа қызметпен айналыспауға мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің өмір сүруіне және дамуына табыс көзі;

2) туристік компаниялар үшін – бұл турларды ұйымдастырудың ерекше, антропогендік жүктемені табиғат пен мәдениеттің адам келгеннен кейін қалпына келуіне мүмкіндік беретін деңгейге дейін азайтатын өмір сүру (тұрақты даму принципі деп аталады);

3) үкіметтік емес ұйымдар үшін – бұл шын мәнінде жұмыс істейді өңірді дамытудың экологиялық және экономикалық мақсаттарын байланыстыруға мүмкіндік беретін табиғи және мәдени құндылықтарды сақтаудың зорлық-зомбылықсыз механизмі;

4) билік органдары үшін – бұл ерекше қорғауды қажет ететін табиғи және мәдени құндылықтары бар өңір деңгейіндегі экологиялық, экономикалық және мәдени дамудың дәйекті ойластырылған саясаты [11].

Мемлекеттік өңірлік табиғи парк туризмді және онымен байланысты инфрақұрылымды дамытуға, оның ішінде жергілікті қолөнердің дамуын ынталандыруға және жергілікті тұрғындарды саябаққа келушілерге қызмет көрсету саласына тартуға айтарлықтай үлес қоса алады және қосуы керек:

1. Қоғамдық бірлестіктердің табиғи-қорық қорын қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қатысу тәртібі туралы ереженің жобасын әзірлесін. Ереженің жобасын дайындау үшін заң мәселелері жөніндегі маман, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы маман және туризм саласындағы маман тартылатын болады;

2. Аумақты патрульдеу жөніндегі жедел топтардың құрамына енгізу үшін қоғамдық инспекторларды даярлау. Қоғамдық инспекторлар табиғат қорғау заңнамасы бойынша тиісті оқыту курсынан және табиғи парк аумағын қорғау жөніндегі практикалық қызметтен (белгіленген мерзімде парк инспекторларымен бірлесіп) өтуі тиіс [13].

Интеграцияның осы бағытының ең көп таралған жолдары – бұл келушілерге ақылы қызметтерді дамыту (тұру, тамақтану, жолсерік қызметтері, сауда қызметі және т.б.) және сатуға арналған тауарларды өндіру (экологиялық таза тамақ өнімдері, кәдесыйлар, халық кәсіпшілігі бұйымдары және т.б.). Жоғарыда аталған қызмет нәтижесінде аймақтық және муниципалды бюджеттерге түсетін салық шегерімдерінің маңыздылығын бағаламауға болмайды.

Мұнда экологиялық жүйелерге зиян келтірмейтін туристік қызметтің келесі бағыттары сәтті дами алады:

Парк экологиялық білім берудің өзіндік аймақтық орталығына айналатын білім беру туризмі. Парктің белсенділігі мен әлеуеті кез келген аймақ үшін ерекше қызығушылық тудырады, мектеп оқушыларымен әртүрлі жұмыс және халықтық білім беру органдарымен өзара әрекеттесу.

«Парктер шеруі – 2019» экологиялық табиғат қорғау акциясы негізгі 5 іс-шараны қамтыды. Олар: «Парктер шеруінің ашылуы», «Құстар күні», «Дүниежүзілік ағаш егу күні», «Қызғалдақтар күні», «Парктер шеруінің жабылуы». Аталған іс-шаралар мекеменің үш филиалында ұйымдастырылды.

Табиғат қорғау акциясына мектеп оқушылары, жоғарғы оқу орындарының студенттері және ерікті азаматтар қатысты. Акцияның негізгі мақсаты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи ортадағы мәнін қалың жұртқа түсіндіру, отан сүйгіштікке баулу, жас ұрпақтың патриоттық сезімін ояту, табиғатты қорғауды насихаттау [2].

Іс тәжірибе алмасу мақсатында Сайрам-Өгем МҰТП, Ақсу-Жабағлы қорығы, Облыстық экологиялық орталықтарының мамандарының қатысуымен, барлығы 300-ге жуық оқушылар мен көрермендер қатысты. Оқушылар берілген бағдармалар бойынша табиғат туралы макеттері мен шығармашылық өлеңдері, ән-бимен өзара сайысып, нәтижесінде сайыскерлер жүлделі орындарымен марапатталды.

Боралдай филиалында алты қанатты 5 дана киіз үй, алтыбақан, тапшандар мен этно үлгідегі демалыс орны, Төменгі Боралдай бөліміне алты адамдық демалыс орны және демалушыларға сервистік қызмет ұсыну мақсатында жылжымалы вагон үйлері орналас-тырылды.

МӨТП аумағында туристік мақсатта пайдаланудың белгілі дәстүрлері бар. Сырдария өзенінің бойындағы тоғай орманы пикник түрі бойынша рекреация үшін және шомылу үшін, сондай-ақ рұқсат етілген маусымда қарқынды балық аулау үшін белсенді пайдаланылады [11].

Сол себепті 2-кестеде көрсетілген туризм бағыттарын дамытқан жөн. Қолайлы инфрақұрылым жасалған жағдайда МӨТП-гі ең перспективалы бағыттар демалыс күнгі рекреациялық қысқа мерзімді демалыс, ал туризмде-қажылық турлары және әуесқойлық аңшылық пен балық аулау болуы мүмкін.

МӨТП аумағында ыңғайлы өзен террасалары, қызықты туристік объектілері бар көптеген қол жетімді шатқалдар бар. Аумақта ауыз су көздері жеткілікті, ландшафттары жақсы көрінеді, сондықтан туристік маршруттар мен танымдық экскурсияларды ұйымдастырудың жақсы туристік әлеуеті

2-кесте. Табиғи кешендерге әсер ететін биологиялық жүктемелердің нормалары

| МӨТП-гі туризмнің негізгі түрлері | | Жас топтары бойынша түрлері | Орналасу орны | Қосымша қызметтер |
|-----------------------------------|--|--|------------------------------------|---|
| 1 | | 2 | 3 | 4 |
| Пассивті | танымдық экскурсиялар баскет мейкинг; гарденинг. | барлық жастағы туристер, сондай-ақ балалар | лагерь, үйлер немесе топтардан тыс | трансфер, кәдесыйлар мен салқындатылған сусындар дүңгіршектері, дәретханалар |
| Активті | атпен серуендеу; спелеотуризм; трекинг; бэкпэкинг | барлық жастағы туристер негізінен 18-50 жастан бастап, сондай-ақ балалар | лагерь, үйлер немесе топтардан тыс | спорттық жабдықтар, барлығы белсенді туризм үшін |
| Бёрдвичинг | құстармен қызығатын; құстардың фотографиялары | барлық жастағы туристер, негізінен 30 жастан бастап | шатырлы лагерьлер, аңшылық үйлер | қарау аймақтары, құстар түрлерінің каталогы, бақылауға арналған негізгі жабдықтар |
| Танымдық | ұлттық салт-дәстүрлермен және мәдениетпен танысу; маршруттық турлар; стационарлық турлар | Негізінен барлық жастағы туристер | МӨТП-гі киіз үй лагері | жергілікті халықтың ұлттық бояуы, негізгі жабдықтар |

| | | | | |
|--------------|--|-------------------------------|---------------------------------------|--|
| Ғылыми | геологиялық жұмыстар, Тарихи турлар және т.б. | негізінен 18-50 жастан бастап | лагерьлер, үйлер немесе топтардан тыс | таза табиғат, зерттеу нысандарының қол жетімділігі, компьютер, көлік |
| Хобби туризм | Аңшылық, балық аулау, су астындағы балық аулау | Әртүрлі жастағы | қонақ үй аңшылық үйлер | қаруды сақтау шарттары |

Сондай-ақ, өңірлік парк аумағына келген демалушылар мен туристерді тіркеу журналдарына тіркеп, ақылы қызметтер ұсыну арқылы өңірлік парк аумағына кіруге рұқсат қағаздарын беру үшін бақылау-өткізу бекеттері орнатылды. Сырдария филиалы Байырқұм орманшылығының Байырқұм көпірінің маңына және Тақыркөл орманшылығына, Түркістан филиалының «Құсшы ата» және Шәуілдір орманшылығына, Боралдай филиалының Бәйдібек ата және Төменгі Боралдай бөлімдерінде орнатылды. Бақылау-өткізу бекеттерінде келушілерді тіркеу журналы, тексеруші тұлғаларды тіркеу журналы және бақылау-өткізу бекетінің қағидасымен жабдықталған [13].

3-кесте. МӨТП аумағында орналасқан туристік маршруттар

| Маршрут атауы | Қазіргі жағдайы |
|---|--|
| № 1. Қостұра – Боралдай шатқалы | Туристік маршрут жолының жағдайы жақсы. Өсімдік жамылғысының тозуы байқалмайды. Бұл бағыт Тұттыбұлақ сарқырамасы үшін туристер арасында үлкен танымалдылыққа ие болуда. Маршруттың ерекшелігінің бірі сарқырамаға жақындау үшін жолдың жарты бөлігін өзен бойымен жүру керек, өзенді кешіп өтетін аймақтары бар. сондықтан туристерге резеңке аяқ-киім және қосымша ауыстаратын киімі болуы керек. Бүкіл маршрут туристер үшін өте ыңғайлы. Жолдың басында түнеуге және демалуға жабдықталған вагон бар, сондай-ақ маршруттың басынан 3 км жерде орналасқан Теректі кордонында жайлы қонақ үй орналасқан. Маршрут бойында тынығуға ыңғайлы көркем учаскелер бар, бірақ олар жабдыкталуы ортаңғы дәрежеде болып табылады Жалпы маршрут бойы әдемі табиғи көрініс орын алады. |
| № 2. Боралдай шатқалы - Тұра жартасы | Жолдың жағдайы қанағаттанарлық. Бұл маршрут аз сұранысқа ие, себебі маршруттың жүріп өту трассасы теңіз деңгейінен 1414 метр биіктікте орналасқан шатқалмен өтеді. Маршрут бойында ҚР Қызыл кітабіна енгізілген өсімдіктер мен жануарлар кездеседі. |
| № 3. Шұқыршақ | Маршруттың бастапқы бөлігінде туристердің демалуына арналған вагондар бар, сонымен қатар өзеннің әдемі көрінісі ашылатын демалыс орны бар. Маршрут барысында өзеннің өткелден бірнеше рет өту қажет, сондықтан туристерге резеңке аяқ-киім болуы шарт. Бұл туралы инспекторлар ескертеді. Жалпы, жолдың төменгі бөлігі ыңғайлы, жазық жерден өтеді. Сарқырамаға жақындаған кезде жоғарғы бөлігінде жол үлкен тас тастардан өтеді, содан кейін күрт төмендейді. |
| № 4. Қаражан тауы - Орта Сүңгі шатқалы | Маршрут бойынша жол тас жоалкөрсеткіштерімен жабдықталған және демалыс орындарында ағаш орындықтар, қамыс шатырлармен жабылған күркелер, тастан жасалған от жағатын орындар әзірленген. |

| | |
|---|---|
| № 5. Аяк Сүңгі өзені - Аяк Сүңгі шатқалы | Аяк Сүңгі өзенінің бойындағы туристік маршрут жақсы байқалады. Жолдың жағдайы қанағаттанарлық. Жол бойында демалу үшін көптеген ыңғайлы орындар әзірленген. Маршруттың басындағы демалыс аймақтарында орындықтар мен үстелдермен жабдықталған. Инспектордың үйі бар. |
| № 6. Бұхар бұғыларының тұқымбағы | Түркістан қаласынан тұқымбаққа дейін кейбір бөліктердің жолы нашар. Құрғақ, ыстық ауа-райында өте шанды, бұл туристер үшін дискомфорт тудырады. Кордонда абаттандырылған қонақ үй және инспектордың үйі бар. Сырдария өзенінің бойындағы тоғай ормандары, балық аулау орындары, көпірге жақын жерде балықшылармен қоқыстанған. Тұрмыстық қоқыс орындары аз болып табылады. |
| Шардара су қоймасы маңы – Байырқұм көпірі | Барлық бағыт 90 км асфальтталған жолмен өтеді. Бағыт Шардара су қоймасы бойындағы тоғайлы ормандар көрінісімен өтеді. Балық аулау орындарында қоқыстануы байқалады, от жағу орындары қатты ластанған, пластик пен тамақ қалдықтары өте көп. Маршрут бойында көптеген тарихи және мәдени ескерткіштер бар. |

Бүгінгі таңда МӨТП «Сырдария-Түркістан» аймағында көптеген оқу орындарына және туристік секцияларға өзінің есігін айқара ашуда. Соған мысал ретінде: 2019 жылы «Шымкент аграрлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен ЕҚТА-ын оқу-жаттығу мақсатында пайдалану жөнінде келісімшарт жасалынып, «Орман шаруашылығы бақша-саябақтың және ландшафттық құрылыс» мамандығы бойынша, өңірлік парктің үш филиалында аталған колледждің 4-ші курс студенттері өндірістік практикадан өтті.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік университетінің география, биология және туризм мамандықтары бойынша шілде айында мекеменің Боралдай филиалында оқу-әдістемелік практикасынан өтті;

2019 жылдың маусым айында жасөспірімдер экологиялық экспедициясы «Южный Казахстан» облыстық қоғамдық-саяси жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен өңірлік парктің қолдауымен Сырдария өзенінің бойымен спорттық және су туризмі ретінде жүзіп өту экскурсиясы өткізілді.

Екі топтан құралған жасөспірімдер экологиялық экспедициясы өңірлік парктің қолдауымен Боралдай өзенінің бойындағы Шұқыршақ жартасынан экстрималды түрде жүзіп өту экскурсиясы өткізілді.

«Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркіне 9-11 сәуір аралығында іс-сапар ұйымдастырылды.



1-сурет. МӨТП «Сырдария-Түркістан» Боралдай филиалы

Иссапар барысында «Сырдария-Түркістан» МӨТП-нің Боралдай филиалының мемлекеттік инспекторлары мен қызметкерлерімен, 2021 ағымағы жылдың қаңтар-ақпан айларында жергілікті тұрғындар мен ұжымдар, мектеп оқушыларына жалпы төрт тақырыпты қамтитын үгіт насихат жұмыстарын туралы айтты.

Олар:

1. «Көктемгі аңшылыққа тиым салынды».
2. «Өңірлік табиғи парк аумағында 2017-2020 жылдар аралығында аң аулаудың барлық түрлеріне 3 жылдық мораторий жарияланды».
3. «Көктемгі келген құстарды қарсы алайық».
4. «Көктем айларында елді мекендерде, мектеп аулаларына, үй төңіректеріне тал, жеміс ағаштарын егейік» атты тақырыптарда лекциялар оқылып, слайдтар көрсетілгендігін айтты.

«Парктер шеруі – 2019» табиғат қорғау акциясының бекітілген жоспарына сәйкес Аққұм, Аққала, Жиделі, Байырқұм елді мекендердегі жергілікті тұрғындармен ЕҚТА туралы пікір қалыптастыру, 2018-2020 жылға дейін аң-құстарымызды сұғанақтықтан сақтап, қорғау мақсатында үш жылға дейін мораторий жарияланғаны туралы үгіт насихат жұмыстары жүргізіліп, ұнпарақтар таратылған.

Сондай-ақ 17 наурыз күні Түркістан филиалы, Түркістан қаласы, Ораңғай ауылдық округі, Құшы Ата елді мекені, М. Қазыбеков атындағы қазақ орта мектебінде «Парктер шеруі – 2021» табиғат қорғау акциясының ашылуы өтетінін мәлімдеді.

Парктер шеруінің басты мақсаты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың проблемаларына халықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік билік органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, кәсіпкерлердің назарын аудару және оларға нақты практикалық көмек көрсету, халықты экологиялық ағарту болып табылады. «Парктер шеруі» – бұл экологияны қорғау акциясы. Оның тарихы 1990 жылдары АҚШ-та бастау алған. Оны 1995 жылдан Ресей, Украина, Белоруссия, Армения, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және басқа да мемлекеттерде жүйелі түрде өткізу дәстүрге айналған. Халықаралық акция адамдарды табиғатты аялауға, оның қажеттілігін жете түсінуге және жұртты осы бастамаға ұйыстыруды көздейді. Бұл шара облысымызда жыл сайын ұйымдастырылады. Соның аясында түрлі конференциялар, сенбіліктер, сайыстар,

мектептерде тәрбие сағаттары да өтетінін мәлімдеді [2].

Арыс қалалық және оған қарасты Байырқұм, Жиделі, Аққала ауылдарындағы және Отырар ауданына қарасты Аққұм, Шәуілдір, Қоғам, Көкмардан, Сарыкөл, Көксарай ауылдарындағы адамдар ЕҚТА туралы, өңірлік табиғи паркте ғылым және туризм саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы, орманды өрттен қорғау шаралары, ормандарда заңсыз ағаш кесу, заңсыз аң аулау мен балық аулау ережелерін сақталуын және басқа да барлық табиғат заңдылықтарын бұзу фактілерін болдырмау туралы, жыл сайын ұйымдастырлатын «Парктер шеруі – 2021» табиғат қорғау акциясы туралы экологиялық дәрістер өткізіліп, аталған акция аясында ұйымдастырылатын «Табиғат тал бесігім» атты өңірлік парктің көрікті жерлеріне саяхатқа шақырылып, үн парақшалар таратылды.

2021 жылдың сәуір айының 9-11 күндерінде айында Академиялық Инновациялық Университетінің (АИУ) «Ғылыми биология» мамандығының 58 студентіне өңірлік табиғи парктің инспекторлары Боралдай филиалында іс-тәжірибе өткізді. Студенттер бас мекемеде техника қауіпсіздігі ережелерімен танысты. Студенттер өңірлік парктің құрылу тарихы, жер көлемі, филиалдар мен бөлімдер туралы және олардың қызметімен толықтай танысып, парк аумағында ұйымдастырылған 8 туристік маршрут туралы ақпарат алды. Студенттермен бірге мағанда тәжірбиелік сабаққа қатысуға рұқсат берді.

Іс-тәжірибе барысында студенттер Боралдай филиалындағы № 2 «Тұра жартасы» және № 3 «Шұқыршақ сарқырамасы» туристік соқпағы мен № 4 «Аяқ сүңгі» және № 5 «Орта сүңгі» туристік маршруттарын толықтай жүріп өтіп, биологтар сол маңайдағы өсімдіктерден гербарий жинады. Және де студенттердің жетекші мамандары дәрілік өсімдіктердің көптеп кездескенін айтып кетті. Дала практикасы барысында студенттер жақсы әсер алды.

Уақазимей посетитель парка!

Перед Вами – анкета, которая поможет выявить Ваши предпочтения и развитие услуги парка. Обратившие внимание – некоторые вопросы предполагают выбор нескольких ответов, если вы хотите предоставить варианты не подходит. Вы можете указать свой. Все данные будут использоваться в обобщенном виде, анонимность получаемой информации гарантируется.

Спасибо за плодотворное сотрудничество, кафедра «Рекреационной географии и туризма» КазНУ им. аль-Фараби!

1. Как часто Вы посещаете ГРПП «Сардария-Турастан»? Разрыв раздела (на текущей странице)

→ несколько раз в неделю → один раз в месяц

→ один раз в неделю → несколько раз в году

2. Каковы цели Вашего посещения парка? Разрыв раздела (на текущей странице)

→ отдых, общение с природой → знакомство с лесами природного парка

→ научные исследования → приобщение к природе своих родных и близких

→ спортивный туризм → иное

→ прохождение практики, стажировки

3. Откуда Вы получили информацию об услугах парка? Разрыв раздела (на текущей странице)

→ из печатной рекламы парка (карты, брошюры, буклеты и др.) → от руководителя своей организации

→ от родственников, друзей и знакомых, которые посетили парк → в СМИ (газеты, журналы, ТВ)

→ на сайте парка → от природоохранных организаций

→ иное

4. Вы предпочитаете посещать парк: один (одна) _____ в составе группы

5. Какими услугами парка Вы пользовались при его посещении? Оцените их по 5-балльной шкале. Разрыв раздела (на текущей странице)

| | |
|--|--|
| 1. Услуги временных остановочных пунктов (домики, бани) <input type="checkbox"/> | 5. Услуги по размещению, проживанию и отдыху <input type="checkbox"/> |
| 2. Услуги кураторов с размещением палаточного лагеря <input type="checkbox"/> | 6. Проведение экскурсий на территории парка <input type="checkbox"/> |
| 3. Услуги палаточного пункта, бани <input type="checkbox"/> | 7. Услуги профессиональных фото и видеосъемки <input type="checkbox"/> |
| 4. Сопровождение маршрута сотрудниками парка <input type="checkbox"/> | 8. Трансфер к началу маршрута обратно (без учета аренды транспорта) <input type="checkbox"/> |

7. Сколько Вы готовы потратить на посещение парка? (укажите примерную сумму затрат на 1 человека при одном посещении) Разрыв раздела (на текущей странице)

| | |
|--|---|
| 1 → до 1000 руб. <input type="checkbox"/> | 4 → более 10000 руб. <input type="checkbox"/> |
| 2 → от 1000 до 5000 руб. <input type="checkbox"/> | 5 → от 20000 до 50000 руб. <input type="checkbox"/> |
| 3 → от 5000 до 10000 руб. <input type="checkbox"/> | 6 → иное _____ <input type="checkbox"/> |

Укажите о себе следующую информацию!

Пол: мужской женский

Возраст: Разрыв раздела (на текущей странице)

→ 17 лет и младше → 35–50

→ 18–25 → 50 лет и более

К какой социальной группе Вы себя относите? Разрыв раздела (на текущей странице)

→ предприниматель → пенсионер

→ государственный/муниципальный служащий → безработный

→ студент → иное _____

→ учащийся школы

Где Вы проживаете? Разрыв раздела (на текущей странице)

→ на территории, прилегающей к парку

→ в Туркестанской области или в Шаоане

→ в иных областях Республики Казахстан _____ (укажите, пожалуйста)

→ за рубежом

Дата проведения анкетирования: _____

2-сурет. Сауалнама көрінісі және сұрақтары

Академиялық Инновациялық Университетінің (АИУ) «Ғылыми биология» маманды-

ғының 8 студентіне және 11 сәуір күні Боралдай филиалының аймағында жиналған туристерге осындай сауалнама сұрақтары қойылды.

Зерттеу нәтижелері. 2021 жылдың 11 сәуір аралығында МӨТП «Сырдария-Түркістан» Боралдай филиалына барған болатынбыз. Зерттеу барысында парктің табиғи ресурстарын және инфрақұрылымын көрдік. Сауалнама жүргізу арқылы туристердің келу жиілігін, келу мақсатын, қайдан келгенін сұрастырған болатынбыз. Сауалнамаға 120 астам адам қатысты. Туристерге төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркіне келу жиілігі?
2. Келудің басты мақсаты?
3. «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі туралы ақпаратты қай жерден алғаны?
4. Қандай қызмет түрлерімен қолданғаны?
5. Қосымша тағы қандай қызмет түрлерімен қолданғылары келетіні?
6. Парк қызметтеріне қанша ақша жұмсағаны және қанша жұмсауға дайын екендігі?
7. Жасы, жынысы, келген қаласы?

Туристердің басым көпшілігі Шымкент, Түркістан, Түркістан облысы, Қызылорда және Алматы қалаларынан келеді екен.

Жалпы туристердің басым көпшілігі демалыс күнгі жорық, отбасылық серуендеу немесе пикниктік демалыс үшін келеді. Туристердің парк аумағында көбінесе 1 сағаттан және 3-4 күнге дейінгі аралықта қалатыны анықталып отыр. Келушілердің орташа жасы 32,2. Демалушылардың 42 %-ы ерлер, әйелдер 58 %-ды құрайды. Сауалнама барысында жайластыру орындары, тамақтандыру және инфрақұрылым және т.б. жағдайын бағалау үшін 1-5 балл аралығындағы сұрақтар қойылды (4-кесте).

4-кесте. Туристік маршруттар бойынша баллдық көрсеткіш

| | 1 балл | 2 балл | 3 балл | 4 балл | 5 балл | Орташа балл |
|-----------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|-------------|
| Жайластыру орындары | 8 | 14 | 42 | 21 | 15 | 3,2 |
| Тамақтандыру | 5 | 25 | 28 | 35 | 7 | 3,8 |
| Парк инфрақұрылым | 2 | 4 | 21 | 38 | 35 | 4,4 |
| Жалпы қызмет көрсету сапасы | 1 | 9 | 28 | 26 | 36 | 4,1 |
| Туристік әлеуеті | - | - | 21 | 42 | 37 | 4,6 |


Баллдық көрсеткіштердің нәтижесінде, жайластыру 3,2 балл, тамақтандыру бойынша 3,8 балл, инфрақұрылым 4,4 балл, қызмет көрсету сапасы 4,1 және туристік әлеуеті 4,6 баллмен бағаланған болатын. Көріп отырғанымыздай парктің туристік қызмет жағдайы салыстырмалы жақсы көрсеткішке ие болып табылады.

5-кесте. Туристік маршруттардың жалпы көрсетіштері

| № | Туристік бағыттың қысқаша мазмұны | Бағыттың ұзақтығы | Мақсаты | Қажетті |
|---|---|----------------------------------|-----------------------------------|-----------------|
| 1 | Қостұра – Тұттыбұлақ қойнауы – Қасқабастау – Мойнақ өткелі – Боралдай шатқалы | 33 шақырым қайтар жолды қосқанда | Сауықтыру және танымдық | 19 сағ. 15 мин. |
| 2 | Боралдай шатқалы – Тұра жартасы | 3 шақырым | Спорттық, сауықтыру және танымдық | 1,5 сағат |
| 3 | Шұқыршақ сарқырамасы | 1,5 шақырым | Спорттық сауықтыру | 1,5 сағат |

| | | | және танымдық | |
|---|--|--------------|----------------------------------|------------------|
| 4 | Қаражан тауы – Орта Сүңгі шатқалы | 7,5 шақырым | Сауықтыру және танымдық | 3,5 сағ |
| 5 | Аяқ Сүңгі өзені – Аяқ Сүңгі шатқалы | 12,5 шақырым | Спорттық сауықтыру және танымдық | 6 сағат |
| 6 | Бұхар бұғыларының тұқымбағы | 1,5 шақырым | Сауықтыру және танымдық | 45 минут |
| 7 | Шардара су қоймасы маңы – Байырқұм көпірі | 90 шақырым | Сауықтыру және танымдық | 2 сағ. 10 мин |
| 8 | Пакиза бұлағы – Құмтоғай – Қаңлы үңгірі Теріскей бұғы қамал үңгірі | 13,85 км | Сауықтыру және танымдық | 5 сағ. 50 мин |

«Сырдария-Түркістан» КТП қазіргі уақытта 8 туристік маршрут бар: «Боралдай-Қостура шатқалы», «аяқ-Сунғай өзені – Аяқ-Сунғай шатқалы», «Қаражан тауы – Орта-Сунғай шатқалы», «Шұқыршақ сарқырамасы», «Бұхара бұғы өсіру питомнигі» және «Шардара су қоймасы-Байырқұм көпірі». Егер маршруттардың туристік ағымы 100 % болса, топтардың туристік маршруттары айына 3360 туристерді қабылдай алады. МӨТП аумағының халықаралық ұсынымдары мен ерекшеліктерін зерделеп, бір топта тәулігіне 1-2 топтан аспайтын, 25 туристке дейінгі маршруттардағы жүктемелерді сақтау туралы шешім қабылданды.



3-сурет. «Сырдария-Түркістан» МӨТП туристік маршруттары бойынша SWOT талдау [15]

Қорытынды. Зерттеулер көрсеткендей, «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің табиғи-рекреациялық объектілері біршама бар. Туристік әлеуеті жылдан жылға өсіп келе жатыр. Сонымен қатар қазіргі таңда қолданыстағы туристік маршруттарға қосымша маршруттар құруға арналған резервтер бар екенін көре аламыз. Бүгінгі таңда қолданыстағы туристік маршруттар бірдей сұранысқа ие емес. «Қостұра-Туттыбұлақ – Қарабастау – Мойнақ – Боралдай шатқалы» бағытының алғашқы бөлігі,

туристерді ең көп қабылдайтын аймағы болып табылады. Туттыбұлақ үңгірі (Теректі ауылына жақын жерде) және бұхар бұғыларының питомнигі туристерді қабылдау бойынша екінші орындағы аймақтар болып табылады.

Жалпы, қолданыстағы маршруттардың жағдайы жақсы, рекреациялық жүктеменің ауырлығы байқалмайды. Туристерді және экскурсанттарды есепке алуды жақсарту үшін барлық кордондар арқылы өткізу жүйесін оңтайландыру қажет.

Осылайша, ЕҚТА, оның ішінде «Сырдария-Түркістан» МӨТП сияқты ірі аумақ үшін, туристік әлеуетін анықтау, туристік маршруттарға жүктемесін анықтайтын ғылыми жұмыстар 3-10 жыл арасында үздіксіз жасалып отыруы қажет. Сол кезде парктің нақты ғылыми анализдеуге тұрарлық ақпарат көздерін жинауға болады.

Қорытындылай келе, МӨТП «Сырдария-Түркістан» бүгінгі таңда жас болғанымен, туристік әлеуеті өте жоғары табиғи парктер қатарына кіреді. Сол себепті табиғи парк аумағында дұрыс жоспарланған экотуризм осы аймақтың болашақта ірі туристік дестинация ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді. Табиғи парктің басты мақсаты ақша табу көзі емес екенін ұмытпауымыз қажет. Бүгінгі таңда парктің аттрактивтілігін арттыру мақсатында көптеген туристік іс-әрекет жасалып отыр. «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің қоғаммен байланыс жөніндегі басшысы Карибаев Қайрат мырзаның айтуынша өңірлік парк аймағына 2020 жылы 3782 адам кірген және олардан мемлекет қорына түскен табыс 5 млн теңгені құраған болатыны туралы айтқан. Парктің басты мақсаты табыс табу көзі болмағандықтан, бұл көрсеткіштер жылдан жылға өсіп келуде. Бұл паркке деген туристердің қызығушылығы жылдан жылға артып келе жатқанын байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның стратегиялары мен бағдарламалары. [электрондық ресурс]. - қатынас режимі: [http құжаттары / strategies_and_programs](http://құжаттары/strategies_and_programs). өтініш берілген күн: 08.03.2021
2. Қазақстан Республикасының заңы «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Туралы». [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30063141. өтініш берілген күн: 08.03.2021
3. «Сырдария-Түркістан» КҚПТ басқару жоспары. [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: [http documents / stgprp.kz](http://documents/stgprp.kz) өтініш берілген күн: 08.03.2021.
4. Концепция развития и размещения особо охраняемых природных территорий РК до 2030 года (утв. Пост.Правительства РК от 10.11.2000, № 1692).
5. Marzano M, Dandy N. 2015. Recreational use of forests and disturbance of wildlife. A literature review. Edinburgh, U.K., Forestry Commission.
6. Naber, M. D. (2018). Integrating trail condition assessment with recreation demand modeling of mountain bikers in the research triangle, North Carolina (doctoral dissertation). North Carolina State University, Raleigh, North Carolina.
7. Табиғатпен үйлесімді жол. Экологиялық жолдарды құру бойынша ресейлік және шетелдік тәжірибе. – М.: Р. Валент, 2007. – 176 б.
8. Ермакова А.А. рекреациялық жүктемелерді және аумақтардың рекреациялық сыйымдылығын анықтау мәселелері // ВМУ хабаршысы, сериясы: география, геоэкология, 2009, № 2.
9. Чижова В.П. туристік және экскурсиялық бағыттардағы рұқсат етілген жүктемелерді анықтау. Ресейге барар жолдағы экологиялық туризм. Принципер, ұсыныстар, ресейлік және шетелдік тәжірибе. – Тула: Гриффин және К. – Б. 99 -107.
10. Cole, D.N., L. Dean, D. Taylor, and T.E. Hall. 2012. Restoration of plant cover on campsites in subalpine forests: Sawtooth Wilderness, Idaho. USDA For. Serv., Res. Pap. RMRS-RP-99, Rocky Mountain Research Station, Fort Collins, CO. 32 p.
11. Farrell, T.A., and J.L. Marion. 2018. The Protected Areas Visitor Impact Management (PAVIM) framework: A simplified process for making management decisions. J. of Sustain. Tourism 10(1):31-51.

12. Веденин Ю.А., Мирошниченко Н.Н. демалысты ұйымдастырудың табиғи жағдайларын бағалау // Изв. КСРО ФА. Сер. географ. – 1969. – №4. – Б.51-60.
13. Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ): «Қоршаған ортаның қазіргі жағдайы». – К. 1. – Алматы: Қазэкология, 2013. – 205 б.
14. Степанова С. В. Шекарада туризмді дамыту: артықшылықтары немесе шектеулері? (карелдік тәжірибе) // Балтық аймағы. – 2019. – № 2. – б. 94-111. – doi: 10.5922/2079-8555-2019-2-6.
15. Крышень А.М., Титов А.Ф., Хейкиль Р., Громцев А.Н., Кузнецов О.Л., Линдхольм Т., Полин А.В. Фенноскандияның жасыл белдеуінің шекарасын анықтау // Ресей Ғылым академиясының Карел ғылыми орталығының еңбектері. – 2013. – № 2. – Б. 92-96.

References

1. Strategiyi I programmy Kazakhstana. [Elektronny resurs]. – Rezhim dostupa: http://documents/strategies_and_programs. 08.03.2021
 2. Qazaqstan Respýblikasynyń zańy "erekshe qorǵalatyn tabıǵı aýmaqtar Týraly". [Elektronnyq resýrs]. - Kirý rejimi:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30063141. 08.03.2021.
 3. "Syrdaria-Türkistan" KQPT basqarý josparý. [Elektronnyq resýrs]. - Kirý rejimi: <http://documents/stgrpp.kz> 08.03.2021
 4. Qazaqstan Respýblikasynyń erekshe qorǵalatyn tabıǵı aýmaqtaryn damytýdyń jáne ornalastyrýdyń 2030 jylǵa deıingi tujyrymdamasy Orazá QR Úkimetiniń or 10.11.2000, № 1692).
 5. Marzano M, Dandy N. 2015. Recreational use of forests and disturbance of wildlife. A literature review. Edinburgh, U.K., Forestry Commission.
 6. Naber, M. D. (2018). Integrating trail condition assessment with recreation demand modeling of mountain bikers in the research triangle, North Carolina (doctoral dissertation). North Carolina State University, Raleigh, North Carolina.
 7. Tabıǵatpen úlesimdi jol. Ekologialyq joldardy qurý boyınsha reseelik jáne sheteldik tájiribe. – M.: R. Valentin, 2007. – 176 c.
 8. Ermakova a. a. rekreasialyq júktemelerdi jáne aýmaqtardyń rekreasialyq syymdylyǵyn anyqtaý máseleleri // VMÝ habarshysy, seriasy: geografia, geoekologia, 2009, №2
 9. Chujova v.p. týrisik jáne ekskýrsialyq baǵyttardaǵy ruqsat etilgen júktemelerdi anyqtaý. Reseıge barar joldaǵy ekologialyq túrizm. Qaǵıdalar, usynymdar, reseelik jáne sheteldik tájiribe. – Тула: Гриф и К. – С. 99 –107
 10. Cole, D.N., L. Dean, D. Taylor, and T.E. Hall. 2012. Restoration of plant cover on campsites in subalpine forests: Sawtooth Wilderness, Idaho. USDA For. Serv., Res. Pap. RMRS-RP-99, Rocky Mountain Research Station, Fort Collins, CO. 32 p.
 11. Farrell, T.A., and J.L. Marion. 2018. The Protected Areas Visitor Impact Management (PAVIM) framework: A simplified process for making management decisions. J. of Sustain. Tourism 10(1):31–51.
 12. Vedennin Iý.A., Miroshnichenko N.N. demalysty uıymdastyrýdyń tabıǵı jaǵdailaryn baǵalayı // Izv. KSRO ǴA. Ser. geograf. – 1969. – №4. – С. 51-60.
 13. Qorshaǵan ortaǵa áserdi baǵalayı (QOÁB): "qorshaǵan ortanyń qazirgi jaǵdaiy". – К. 1-Алматы: Kazekologia, 2013. - 205 с.
 14. Stepanova s. v. shekarada túrizmди дамыту: артықшылықтары немесе шектеулері? (карелдік тәжірибе) // Балтық аймағы. – 2019. – № 2. – с. 94-111. – doi: 10.5922/2079-8555-2019-2-6.
 15. Kryshen A. M., Titov a. f., Heikil R., Gromsev a. N., Kýznesov O. L., Lindholm T., Poln a. v. Fennoskandiyanıń jasyıl beldeýiniń shekarasyn anyqtaýǵa // Resei Ǵylym akademiasynyń Karel ǵylymı ortalyǵynyń eńbekteri. – 2013. – № 2. – С. 92-96.
-
-